

**Оңтүстік Қазақстан
Медицина Академиясы»
АҚ**



**«Ішкі аурулар
пропедевтикасы -
1» кафедрасы**

Презентация

**Тақырыбы: ҚР-ның қазіргі замандағы денсаулық сақтау және
медицинасы**

Дайындаған: Тасқынова Мая

*Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

*ҚР-НЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ

*Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі

III Қорытынды

* ҚР-НЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ

* Қазіргі кезде мемлекетімізде Қазақстан республикамыздың конституциясына сәйкес денсаулықты сақтау мәселелері жөнінде мемлекеттік бағдарламалар әзірленіп, Қазақстан Республикасының «Адам және азамат» бөлімінің 29 бабында адам денсаулығы жайында толық мағлұмат келтірілген. Ел басымыздың жолдауындағы бағыттардың бірі-денсаулықты нығайту, медициналық қызмет көрсету, сапасын жақсарту және денсаулықты сақтаудың жоғарғы технологиялық жүйесін дамытуда біріншіден денсаулықты сақтау саласындағы басқару қаржыландыру, үйлестіру мен бақылау тетіктерін қайта саралау арқылы медициналық қызметтің нәтижелігі мен сапасын арттыру қажет болып табылады. Елімізде денсаулық сақтау ісімен денсаулық сақтау министрлігі айналысады. Облыстарда, аудандарда денсаулық сақтау бөлімдері жүргізіліп отырады.

**Қазіргі заманғы денсаулық сақтау.*

**Денсаулық сақтау – қоғамның әлеуметтік өмірінің маңызды саласы. Бірнеше рет қайта құруларды басынан кешіріп, алдағы уақытта да дамытылуы жоспарланып отырған ұлт денсаулығы – еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады.*

Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін орасан зор қаржы бөлінуде, жеке меншік секторды қоса отырып қаржыландыру мен басқарудың жаңа әдістері енгізілуде, дәрігерлерді оқыту мен олардың қызығушылығын арттыру бойынша жаңа кадр саясаты қалыптасуда, осының бәрі қолданыстағы заңаысында өзара үйлесімділікпен дамуда.



* Қазіргі уақытта денсаулық сақтау жүйесінде барлық ведомстволарды ескергенде 68,8 мыңнан астам дәрігер (2014 жылы – 10 мың тұрғынға шаққанда 39,5, ЭЫДҰ – 42,0) және 160 мыңнан астам орта медициналық қызметкер (2014 жылы – 10 мың тұрғынға шаққанда 91,9) жұмыс істейді.



Қазіргі кезде әлем бойынша негізгі үш денсаулық сақтау жүйесі жұмыс жасайтыны белгілі.

- * Мемлекеттік басқару басымырақ
- * медициналық сақтандыру жүйесі басымырақ
- * ақылы медициналық жүйе басымырақ болады.

*Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі

*Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі Негізгі рольді мемлекет атқарады. Қаржыландыру көзі: мемлекеттік бюджет (халықтан және мекемелерден жиналған салық). Бюджеттік, мемлекеттік бюджеттік депте айтылады.

Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің негізгі принциптері: Басқарудың орталықтандырылуы Қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүргізіледі. Бақылаудың қатаң шекаралары

* Ақылы денсаулық сақтау жүйесі

- * Ақылы денсаулық сақтау жүйесі. Бұл денсаулық сақтау жүйесінде - бірыңғай мемлекеттік медициналық сақтандыру жүйесі болмайды, тұтынушы ақылы түрде медициналық көмекке жүгіне алады.
- * Жұмыссыздар мен зейнеткерлерге, студенттерге, мүгедектерге медициналық көмек көрсетуді мемлекет медициналық көмек көрсететін жобаларды құрып оларды қаржыландыру арқылы өз мойнына алады. Бұл жүйе АҚШ-да колданылады, жұмыссыздарға «Medicaid» мемлекеттік жобамен медициналық көмек көрсетеді. Бұл үлгіні - американдық, ақылы, нарықтық кейде жеке медициналық сақтандыру деп те атайды

* Қорытынды

- * Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін құруға және ұлттық денсаулық сақтаудың беделін көтеруге мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған шаралардың басты идеясы денсаулық сақтау қызметтерінің профилактикалық бағытын нақты басымдыққа көшіру болуы тиіс, жүйе пациентке және түпкі нәтижеге бағдарланған қызмет көрсету сапасына қауіпсіздік кепілдігі мен жаңа деңгейі арқылы денсаулық сақтау саласына сенімділікті арттыру, мемлекет ресурстарын тиімді пайдалануды арттыру, Өз денсаулығының мәдениетін қалыптастыру, кадрлардың жаңа нысанын және еңбек уәжділігін қалыптастыру. Пациенттің дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдауына жағдай жасау бәсекестіктің дамуына, медициналық қызмет көрсету үдерісінің айқындылығын көтеруге мүмкіндік береді. Денсаулық үшін ортақ жауапкершілікке негізделген жаңа қаржылық модельді енгізу медициналық қызметті ұсынушыларды, медицина қызметкерлерін нақты экономикалық ынталандыруға және осы саладағы сыбайлас жемқорлықтың азаюына әкеледі. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуді қаржыландыру жүйесінде түпкілікті қайта құру медициналық қызметтің сапасын және оның деңгейін мемлекеттік стандарттарға дейін көтеруге мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстан азаматтарының қолжетімді әрі сапалы медициналық көмек алу құқығын іске асыру мүмкін болады.